

## Е Р Е Ж Е Қазақстан Республикасының пошта төлемдерінің Мемлекеттік белгілері мен арнайы пошта штемпельдері туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі 1994 жылғы 9 желтоқсандағы N 198 бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 70. Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 233-П бұйрығымен.

-----**Бұйрықтан үзінді-----**

Қазақстан Республикасының "Байланыс туралы", "Пошта туралы" Заңдарына және "Дүниежүзілік Почта Одағы Жарғысының Алтыншы қосымшасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен бекітілген Дүниежүзілік Почта Одағы XII Конгресінің (Пекин, 1999 жыл) кесмідеріне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

2. "Қазақстан Республикасының пошта төлемі мемлекеттік белгілері мен арнайы пошта мөртабандары туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1994 жылғы 9 желтоқсандағы N 198 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1995 жылғы 26 маусымда N 70 -құжат болып тіркелген).

Төраға м.а.

---

### **ПОЧТА ТӨЛЕМДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БЕЛГІЛЕРІ 1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстан Республикасы пошта төлемдерінің мемлекеттік белгілері (пошта маркілері мен блоктары, соның ішінде айналасы перфорацияланбаған, маркіленген хат қалтасы және карточкалар) қолданылып жүрген тарифтерге сәйкес халықаралық және ішкі пошта жолдамаларын жөнелту үшін төлеу қараждаты                    болып                    табылады .

1.2. Почта төлемдерінің Мемлекеттік белгілерінің басылымын ұйымдастыруды Бұкіләлемдік пошта конвенциясының 10-бабының & 1, "Қазақстан Республикасы байланыс жүйелерінің еркіндігін қамтамасыз етудің шүғыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 наурыздағы N 215 қаулысына және "Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі туралы Ережені бекіту жайында"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1302 Р941302\_ қаулысына сәйкес тек қана Қазақстан Республикасы Қөлік және коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады.

1.3. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілері Бүкіл әлемдік Почта Одағының Жарғысы мен Одақ органдары қабылдаған шешімдерге жауап бере отырып, өздерінің сюжеттерінде қазақ халқы мен Қазақстанның басқа да халықтарының тарихи және мәдени жалғастығын, флорасы мен фаунасын, адамзат білімдерінің барлық саласындағы жетістіктерін, ішкі және халықаралық өмірдің негізгі жаңалықтарын сондай-ақ филателияны бейнелеуден тиис.

1.4. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін басып шығару мемлекеттік почта кәсіпорындарының, тұрғын халықтың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қажеттіліктерін толық қанағаттандырылуын ескере отырып жүзеге асырылады.

1.5. Почта төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін жоспарлау, жасап шығару және тарату, филателистік тауарларды шетелге шығару және оларды шетелден өкелу Қазақстан Республикасы Қөлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасының Қазақ "Қазбайланысмарка" Баспа сауда орталығы (БСО) тарапынан жүзеге асырылады.

1.6. Почта кәсіпорындары Қазақстан аумағында ішкі және халықаралық жолдамаларды жіберу мен жеткізуді тек оларда Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің белгілері бар болғандаған жүзеге асырады.

1.7. Қазақстан Республикасының почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін шығаруды іске асыру жұмыстары Қазақстан Республикасының Қөлік және коммуникациялар министрлігінің жанынан почта эмиссиясы жөнінде құрылатын комиссия қатысуымен "Қазбайланысмарка" Баспа сауда орталығы (БСО) жасайтын перспективалық және жыл сайынғы тақырыптық бойынша жүргізіледі. Почталық эмиссия комиссиясының құрамына Министрліктің, Мемлекеттік почтаның және Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО өкілдері кіреді және оның міндетіне эмиссиялық саясат принциптерін анықтау, почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерін жасап шығаруды тақырыптық жоспарларының жобасын қарау мәселелері кіреді.

1.8. Почта маркілері мен блоктары, ерекше маркілі почта карточкалары мен хат қалталары Қазақстан Республикасы Қөлік және коммуникациялар министрлігінің бүйрүғымен, маркіленген хат қалталары мен карточкалар Мемлекеттік почта бүйрүғымен почталық айналымға енгізіледі.

1.9. Қазақстан Республикасы Қөлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстанның почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін басып шығару

үшін дайындаушы-кәсіпорынды, мұдделі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қатысуымен бәсекелестік негізде анықтайды.

## **2. Қазақстан Республикасы почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерін басып шығарудың тақырыптық жоспарларын құрастырудың жалпы принциптері**

2.1. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін басып шығарудың тақырыптық жоспарлары почталық байланыс кәсіпорындарының тапсырулары және мемлекеттік, қоғамдық, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың, Қазақстан филателистер Одағының, жекелеген адамдарының жоспарланған жылдың басталуынан бүрін 18 айдан кешікпей Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сына түскен ұсыныстары негізінде жасалады.

2.2. Почталық маркілер мен блоктары, ерекше маркілі хат қалталары мен карточкаларды басып шығарудың жыл сайынғы тақырыптық жоспарының жобалары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жаңындағы почталық эмиссиялар жайлы Комиссияда жоспарланған жылдың алдындағы 1 мамырынан кешіктірмей қаралып, содан соң министрдің бекітуіне Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО тарапынан ұсынылады.

2.3. Көркем хат қалталары мен карточкалар басып шығарудың жыл сайынғы тақырыптық жоспары Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО тарапынан жасалып, Байланыс департаментінің келісімімен Мемлекеттік поча бекітеді.

2.4. Стандартты почталық маркілерді басып шығарудың жалпы таралымы кем дегенде 10 жылда бір рет жүзеге асырылады.

Жекелеген өтімі жоғары стандарттық маркілердің коры таусылған жағдайда, олардың қосымша таралымын шығаруға жол беріледі.

2.5. Айналымдағы поча төлемдерінің Мемлекеттік белгілері бетіне арнаулы өзгеріс енгізу төтенше жағдайда ғана Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі шешімімен бір орталықтан жүргізіледі.

2.6. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін басып шығарудың тақырыптық жоспарын құруда келесі қағидалар ескеріледі:

2.6.1. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін шығару өмірде бар адамдарға арналмайды.

2.6.2. Көрнекті Мемлекет және саяси қайраткерлері, ғылым мен мәдениет, өнер қайраткерлері Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерінде қайтыс болғанына 10 жылдан ерте емес және 25-ке еселік жылдардағы мерейтойларында бейнеленуі мүмкін.

Тақырыптық серияларды шығару жағдайында осы берілген ережеден ауытқуларға жол берілуі мүмкін.

2.6.3. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің мемлекеттік белгілері саяси партиялар, қоғамдық, діни және қайырымдылық ұйымдарының құрметіне шақырылмайды.

2.6.4. Қалалардың, аумақтардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, университеттер мен Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарының 50 жылдан төмен емес мерейтойлары көркемдік маркіленген хат қалталары мен карточкаларды шығарумен аталып өтуі мүмкін.

2.6.5. Әр түрлі министрліктер, ведомстволар, фирмалардың тапсырысы бойынша жарнамалау мақсатымен, тапсырыс берушінің қаржыландыруымен маркіленген почталық карточкалар шығарылады.

2.7. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілері өздерінде көрсетілген баға (почталық-қайырымдылық шығарылымдары) үстеме бағамен басылмайды.

2.8. Жоспардан тыс почталық маркілер мен блоктардың (оның ішінде марка бейнесінде арнайы өзгеріс енгізу) ерекше маркілі почталық хат қалталары мен карточкаларды басып шығару Көлік және коммуникациялар министрлігінің қарауына оның почталық айналымға шығуына 6 ай бұрын уақыттан кешіктірмей қабылданады.

### **3. Почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілеріндегі сюжеттер саны, көрсетілген бағалары, таралымдар**

3.1. Қазақстан почталық маркілері мен блоктарының сюжеттері (стандарттық шығарылымдарды есептемегендеге) жыл сайынғы шығарудың тақырыптық жоспары 25-тен аспауы, ерекше маркілі хат қалталары мен карточкалары 6 сюжеттерге дейін шығаруды қарастырады.

Көркем хат қалталары мен карточкалар сюжеттерінің саны жыл сайын Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-мен почталық байланыс кәсіпорындары мен халық қажеттіліктерінің қанағаттандыруын ескере отырып анықталады.

3.2. Почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерінің көрсетілген бағасы Қазақстан аумағында қолданылып жүрген почталық байланыс қызметтерінің тарифтеріне сәйкес келуі тиіс.

3.3. Почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерінің басып шығарылуы таралымы нақтылы жағдайда Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО тарапынан почта мен халық қажеттілігін, Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО коммерциялық қызметі мен қажетті резервтің қалыптасуын ескере отырып анықталады.

Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-ға почта Мемлекеттік белгілері таралымының тиісті болігіне филателистерге арнап штемпель таңбасын қойып дайындауға рұқсат етіледі.

## **4. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерінің түпнұсқаларын жасау мен олардың бекітілуі**

4.1. Почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерін шығарудың тақырыптық жоспары бекітілгеннен кейін Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сы жоспарланған сюжеттердің түпнұсқаларын жасайды. Бұл жұмысқа қабілетті және шығармашылық толғамды, миниатюра саласындағы тәжірибесі бар суретшілерге тапсырылады.

4.2. Қазақстан Республикасы поча төлемдерінің Мемлекеттік белгілерінің түпнұсқалары Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-ның редакциялық-көркемдік кеңесінде қаралады және қажет жағдайда осы тақырыптағы мамандармен келісіледі.

4.3. Почталық маркілер мен блоктардың, ерекше маркілі хат қалталары мен карточкалардың өндіріске беруге дайындалған түпнұсқаларын Көлік және коммуникациялар министрлігі тарарапынан, қалған почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілері Мемлекеттік поча тарарапынан бекітіледі.

4.4. Бүкіләлемдік конвенциясының атқару регламентінің 195-бабының &1 сәйкес Қазақстан Республикасының почталық маркілері мен блоктарының беттеріне міндетті түрде мемлекет аты "Қазақстан" қазақша және латын транслитерациясы, араб цифrlарымен көрсетілген құны, шығарылар жылы қызмет бабының жазулары орналасуы тиіс. Қажет болған жағдайда почталық төлемдердің Мемлекеттік белгісін жасап шығаруда оның төлем құнын (номинал) әріптермен белгілеуге жол беріледі.

Қызметтік жазулар жақсы оқытылатында болуы тиіс, олардың маркілерде орналасу тәртібі сюжеттің композициялық шешімімен жазылады.

4.5. Почталық маркілер мен блоктардың, ерекше маркілі хат қалталары мен карточкалардың почталық айналымға енгізілгеннен кейін, олардың бекітілген түпнұсқалары сондай-ақ баспалық жобалары Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сына беріледі және онда тәртіпке сай сақталады. Почталық төлем белгілерін бастырудың міндетті шарты дайындаушылардың бастыру жобаларымен бекітілген түпнұсқаларды табыс етуі болып табылады.

## **5. Қазақстан Республикасы почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілеріне тапсырыс беру және оларды тарату тәртібі**

5.1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттік почтасы Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің

Мемлекеттік белгілерін алу үшін Қазақстан Республикасының почталық кәсіпорындары мен халықтың қажеттілігі толығымен қанағаттандыруды ескере отырып, Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-на тапсырыстар жасайды.

5.2. Қазақстан Республикасының почталық төлемдерінің белгілерін алу үшін Мемлекеттік почтаға тапсырыстар:

18 ай бұрын маркіленген хат қалталары мен карточкаларға, 6 ай бұрын маркілер мен блоктар, ерекше маркілі почталық хат қалталары мен карточкаларға жоспарланған жылдың басталуынан бұрын жолданады.

Тапсырыстарға түзетулер маркіленген хат қалталары мен карточкалары үшін жоспарланған жылдың басталуынан 6 ай бұрын, поча маркісі мен блоктары, ерекше маркілі почталық хат қалталары мен карточкалары үшін 3 ай бұрын жол беріледі.

5.3. Байланыс кәсіпорындарында арнайы штемпель таңбасын қою жүргізілгенде оларға өздерінің тапсырыстарына қосымша почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілері жіберілуі мүмкін.

5.4. Қазақстан Республикасының почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілеріне тапсырыстар беру мен тарату тәртібі қолданылып жүрген нормативті-техникалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін тарату олардың почталық айналымға шығарылуынан үш күн бұрын поча кәсіпорындары алатындығы ескеріліп орындалады.

## **6. Қазақстан Республикасының почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін сату және пайдаланудан шығару**

6.1. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін сатуды мемлекеттік поча кәсіпорындары жүзеге асырады. Стандартты почталық маркілер, маркіленген хат қалталары мен карточкалары, оның ішінде ерекше маркілі почталық байланыс кәсіпорындарында сатылады және олардың қорының толық пайдаланылғанына дейін шектеусіз почталық айналымда қолданылады.

Көркемдік почталық маркілер мен блоктар поча кәсіпорындарында шығарылған жыл бойы және одан кейінгі бір жылда сатылады.

Жазулары бар почталық маркілер мен блоктарын сату Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің оларды почталық айналымға шығару туралы бұйрықтарында көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

6.2. Коллекционерлерге қызмет көрсету үшін почталық кәсіпорындарда Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерімен Қазақстан филателистер Одағының мүшелерін толықтай және басшылықпен жабдықтауды қамтамасыз ететін абонементтік қызмет ұйымдастырылады.

Облыстық мемлекеттік почта кәсіпорындары, поштамптар халыққа аборнеметтік қызмет көрсететін байланыс бөлімшелерін және филателистік аборнементті үйымдастыру тәртібін анықтайды.

Қазақ маркілерінің аборнементтері тек жеке тұлғаларға ғана жіберіледі. Аборнемент бойынша филателистке почталық маркілер мен блоктардың, почталық ерекше маркілі хат қалталары мен карточкалар 6 данасы, кіші бетті почта маркілері мен басқа да шағын таралымды материалдардың бір данасы беріледі. Қазақстан филателистер Одағын почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерімен қамтамасыз ету тәртібі Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сы тарапынан анықталады.

6.3. Облыстық мемлекеттік почта кәсіпорындары көркем маркілерімен, сондай-ақ шектеулі таралыммен шығарылған басылымдармен бірінші кезекте аборнементтер бойынша маркілер сатуға бөлінген почталық кәсіпорындарын қамтамасыз етуге міндетті.

6.4. Көлік және коммуникациялар министрлігінің бұйрығымен 6.1. тармағында көрсетілген мерзімнің бітуіне орай көркем маркілер мен блоктар почталық кәсіпорындардан сатылудан алынып, Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-на филателистік өнімдерді іріктең алу мен резервті қалыптастыру үшін қайталауды.

6.5. Почталық байланыс кәсіпорындарындағы сатудан алынған көркем почталық маркілер мен блоктар қолданылып жүрген почталық тарифтерге сәйкес ішкі және халықаралық корреспонденцияларды төлеу үшін жарамды деп таңылады.

6.6. Қазақстан Республикасы почталық төлемдерінің Мемлекеттік белгілерін почталық айналымынан шығару Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Бұйрығымен ерекше жағдайда жүргізіледі. Почталық айналымнан шығарылған почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілері қысқа мерзімде белгіленген тәртіпте жойылады. Жою туралы актілердің көшірмелері бекітілгеннен кейін апталық мерзімде Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сына жіберіледі.

6.7. Почталық айналымнан сатудан алынған почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілері филателистік коллекциялық өнімдер болып табылады және Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сы арқылы таратылады.

6.8. Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО, Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттік почтасы кәсіпорындарының почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілеріне тапсырыстарын қамтамасыз етуден басқа, филателистік тауарларды, сондай-ақ почта төлемдерінің белгілері олардың почталық айналымға шыққан сәтінен бастап, басқа да занды және жеке тұлғаларға сатуды жүзеге асырады. "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығы занды және жеке

тұлғаларға Мемлекеттік почтаға қатысы жоқ сауда женілдігін жасаған жағдайда почталық төлем белгілерінің бөлшек саудадағы бағасының олардың көрсетілген құнынан артық болмауын қамтамасыз етуі тиіс.

Почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерін сырттық саудаға шығарылуы тек қана Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО тарапынан бекітілген немесе оның тапсыруы бойынша шетелдік әріптермен жасалынған келісімге сәйкес жүргізіледі.

## **2. Қазақстан Республикасының арнайы почталық штемпельдері**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Арнайы почталық штемпельдер (АПШ) ескерткіштік штемпельдер болып табылады және мемлекеттік маңызды оқиғаларға, тарихи және ескерткіш орындар мен күндерге, көрмелер мен т.т. арналған шараларды өткізуға почталық төлемдердің белгілеріне штемпель таңбасын қою үшін қолданылады.

1.2. Арнайы почталық штемпельдерді тікелей жоспарлау мен дайындау Қазақ "Қазбайланысмарка" Баспа-сауда орталығына жүктеледі.

1.3. Арнайы почталық штемпельдер бекітілген және ауыспалы күнтізбелік даталармен шығарылады.

2. Қазақстан Республикасына арнайы почталық штемпельдерін жасаудың тақырыптық жоспарын қалыптастырудың жалпы қағидалары:

2.1. АПШ дайындау жоспарларын Қазақ "Қазбайланысмарка" Баспа-сауда облыстық мемлекеттік поча кәсіпорындарының тапсырыстары мен мемлекеттік, қоғамдық және басқа да кәсіпорындардың, ұйымдардың, Қазақстан филателистер Одағы мен жекелеген тұлғалардың ұсыныстары негізінде бір жылға жасайды.

Қазақ "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығы жоспарланған жылдың алдындағы 1 мамырына дейін келіп түсken тапсырыстар қарауға қабылданады.

2.2. АПШ-ның жалпы саны бір жылда 20 дан аспауы тиіс, осы жағдайда бір байланыс кәсіпорны үшін "Бірінші күннің" штемпельдерін есептемегендеге екеуден артық емес (Алматы мен Ленинск байланыс кәсіпорындары үшін 6-дан аспауы тиіс) арнайы почталық штемпельдері дайындалады.

2.3. Жоспардан тыс арнайы почталық штемпельдерді жасау почталық эмиссиялар жөніндегі Комиссия алдын ала қарастырғаннан кейін Көлік және коммуникациялар министрлігінің жарлығы негізінде жүзеге асырылады. Жоспардан тыс арнайы почталық штемпельдерін жасау жөніндегі ұсыныстар АПШ-тың қолдану датасына дейінгі 4 айдан кешіктірілмей қарауға қабылданады.

2.4. Арнайы штемпельдер жасаудың жыл сайынғы жоспарының жобасы

Қазақ "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығы тарапынан жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің поча эмиссиялары жөніндегі Комиссиясы на тапсырылады.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің поча эмиссиясы жөніндегі Комиссия айтылған жобаны қарастырады және оны бекіту үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ұсынады.

2.5. Арнайы поча штемпелі Қазақ "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығы бекіткен түпнұсқаға сәйкес жасалынады.

Текстері мен кескіндері бірдей бірнеше АПШ жасалған жағдайлардың әрқайсысының бір-бірінен цифрлық немесе әріптік айырмашылықтары болуы тиіс.

2.6. Қазақстан аумағындағы поча кәсіпорындарына арналып жасалынған АПШ-лардағы байланыс кәсіпорнының аттары қазақ тілінде көрсетіледі.

2.7. Арнайы почталық штемпельдер Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің келісімі бойынша мемлекеттік поча бұйрығымен пайдалануға шығарылады және белгіленген тәртіпке сай байланыс кәсіпорындарына таратылады. Бұйрықта АПШ-ның аты, қолданылатын уақыты және орны, пайдаланылатын пастаның түсі көрсетіліп штемпель бетіндегі суреттерге қысқаша сипаттама және авторы туралы мәліметтер берілуі тиіс.

2.8. Қазақ "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығы маркілерге арнайы поча штемпельдерін қоюды ұйымдастырудан бір ай бұрын оның өткізілетін орны, арнайы поча штемпелінің қолдану мерзімі, шығарылатын почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілері және қосалқы филателистикалық материалдар туралы облыстық мемлекеттік почтаны және Қазақстанның филателистер Одағын хабардар етеді.

2.9. Арнайы поча штемпельдерін есепке алу тәртібі Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-ның бұйрығымен анықталады.

### 3. Қолдану тәртібі

3.1. Қазақ "Қазбайланысмарка" БСО-сы арнайы поча штемпельдерін оларды қолданатын мекемелерге маркілерді арнайы өшірудің өткізілуінен үш күн бұрын алынатында иесеппен жібереді.

3.2. Маркілерге арнайы поча штемпельдерін қою мемлекеттік поча бұйрығында көрсетілген нақтылы байланыс кәсіпорны тарапынан сол бұйрықта штемпельді қолдануға енгізу туралы көрсетілген мерзім ішінде іске асырылады.

3.3. Арнайы поча штемпелі Қазақстан Республикасы территориясында почталық айналымда жүрген почталық төлем белгілеріне қойылады. Арнайы поча штемпелі шығыс корреспонденцияларды жөнелтуге қабылдау кезінде

**орындалады.**

Айналымнан бұрын өткен почталық төлем белгілеріне және шет елдік филателиялық материалдарға АПШ қойылмайды. Таза парап қағаздарға адрессіз АПШ белгісін қоюға жол беріледі.

3.4. Арнайы поча штемпелін қоюды жүргізетін кәсіпорыны АПШ-ны колдану мерзімі және орны туралы халықты хабардар етеді.

3.5. Арнайы поча штемпелін қою жұмысын жүргізуден күн бұрын байланыс кәсіпорындарында өшірілуі тиісті почталық жөнелтілімдерді салуға арналған арнайы жәшіктер орналастырылады.

АПШ қойылғаннан кейін ол жөнелтімдер адресаттарға жіберіледі.

3.6. Почта кәсіпорын сұраныс жасаған басқа аймақтардан келіп түскен корреспонденцияларды да арнайы штемпель қоюға міндетті.

АПШ-ны дұрыс пайдалану және сақтау міндеттері іске асыратын почта кәсіпорнының бастығына жүктеледі.

#### **4 . С ақ тау тәртібі**

4.1. Арнайы почтаға штемпелі почта кәсіпорындарында белгіленген тәртіпке сәйкес сақталады және ол аяқталғасын келесі күні Қазақ "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығына жіберілуі тиіс.

4.2. Почта кәсіпорындарынан штемпельдер келіп түскесін Қазақ "Қазбайланысмарка" баспа-сауда орталығы сауда жүйесінің, Қазақстан филателистер Одағының, шетелдер фирмаларының сұраныстары бойынша филателиялық материалдарға арнайы почта штемпельдерін қою жұмысын жүргізеді, сосын АПШ-ларға олардың істен шығарылу белгілері соғылады, одан соң Қазақ "Қазбайланысмарка" орталығында сақталуға қалдырылады.

Қазақстан Республикасы Көлік және  
коммуникациялар министрлігінің  
1994 жылдың 9 желтоқсанындағы  
N 198 бүйріғына N 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар  
министрлігі жаңындағы почталық эмиссиялар жөніндегі  
Комиссияның құрамы**

1. Эмиссиялық саясаттың қағидаларын анықтаудың, почталық төлемдердің Мемлекеттік белгілерін басып шығарудың тақырыптық жоспарларының жобасын қарау үшін почталық эмиссиялар жөніндегі Комиссия мына құрамда

**құрылышы:**

Базылов Қ.Б.

- Көлік және коммуникациялар министрлігі орынбасары, Комиссия

т ө р ағ а с ы

Шаймұханов С.Д.

- Көлік және коммуникациялар министрлігі байланыс департаменті директорының 1-ші орынбасары, төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Айбасов Ю.Х.

- сәулетші, Қазақстан Республикасы

Құрылыс министрлігінің елді

мекендерді

жоспарлау

және

құрылыс

жүргізу жетекші басқармасының  
б а с т ы ғ ы

Бекдаирова С.К.

- "Қазбайланысмарка" БСО-ның бастығы

Доронина В.К.

- Қазақстан филателистер Одағы

Басқармасының төрағасы

Жазықбаев Ә.Қ.

- Мемлекеттік почтаның бастығы

Лесин А.М.

- "Қазбаспасөз" бастығы

Романов Ю.И.

- Қазақстан Республикасы

F.A.-Ш. Уәлиханов атындағы тарих,  
археология және этнография институты  
директорының орынбасары

Тұяқбаева Б.Т.

- Қазақстан Республикасы Мәдениет

министрлігінің Қазжобажаңғыртудың

д и р е к т о р ы

Шотқалиев М.Қ.

- Байланыс департаментінің бөлім

м ең г е р у ш і с і ,

Жұсіпова Р.Т.

- Алматы почтампының бастығы

2. Комиссия жылына бір рет мәжіліс өткізеді және Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар министрлігіне бекітуге құжаттар жиынтығын  
ұ с ы н а д ы .

3. Почталық әмиссияларды анықтауда комиссия өз жұмысында бірінші  
кезекте мына жағдайларда ескереді:

- маңызды респубикалық және халықаралық оқиғаларды;

- Қазақстанның халықаралық оқиғаларға қатысуы;

- Қазақстанның айрықша мерейтойлар жағдайындағы танымал  
тұлғалары ;

- Қазақстандағы қалалардың сәулет ескерткіштерінің мерейтойлары;

- өзекті оқиғалар, қоғамдық-саяси мақсаттары мен маңызды шаралар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК